

Бухгалтерлік есептің 28 "Материалдық емес активтерді есепке алу" Ережесін (стандартын) бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қаржы министрлігі 1999 жылғы 10 қыркүйек N 490. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 18 қазанда тіркелді. Тіркеу N 935. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Заң күші бар Жарлығына сәйкес
Б ұ й ы р а м ы н :

1. Бухгалтерлік есептің 28 "Материалдық емес активтерді есепке алу" ережесі (стандарты) (бұдан әрі - Ереже (стандарт)) бекітілсін.

1) Ереже (стандарт) материалдық емес активтерді есепке алу әдістемесін а й қ ы н д а й д ы ;

2) Ереже (стандарт) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы басқармасы Ереженің (стандарттың) заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды қаржы бірінші вице-Министрі Ж.Ж. Ертілесоваға жүктелсін.

**Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
Премьер-Министрінің орынбасары-
қаржы Министрі**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 1 0 . 0 9 . N 4 9 0
бұйрығымен бекітілген

**Материалдық емес активтердің есебі
28-ші бухгалтерлік есеп Ережесі (стандарты)**

Ескерту: Стандарттың бүкіл мәтіні бойынша "субъектілерге", "субъект", " субъектінің", "субъектілердің", "субъектідегі", "субъектінің өзі" деген сөздер "

ұйымдарға", "ұйым", "ұйымның" "ұйымдардың", "ұйымдағы", "ұйымның өзі" деген сөздермен ауыстырыл - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығымен .

1 Тарау. Мақсаты мен қызмет ауқымы

1. Бұл Ереженің /стандарттың/ мақсаты материалдық емес активтердің есебінің әдістемесін анықтау болып табылады.

2. Бұл Ереже /стандарт/ мыналарға қолданылмайды:

1) /"Корпоративтік табыс салығы бойынша есеп жүргізу" 11-БЕС/ келешек кезеңдердің салық активтеріне;

2) "Жалға беру есебі" 17-БЕС сәйкес есептелетін жалға беру түрлеріне;

3) ұйымдарды біріктіру кезінде пайда болатын гудвиллге;

4) материалдық емес активтерді тану талаптарына жауап бермейтін тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар шығындарына;

5) қаржы құралдарына;

6) /"Мұнай-газ өндіру қызметінің есебі мен есепкерлігі" 20-БЕС/ минералдық ресурстарды, мұнайды, табиғи газды және осылар сияқты қайта қалпына келмейтін ресурстарды геологиялық-барлау құқтары мен шығындарына.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығымен .

2 Тарау. Анықтамалар

3. Материалдық емес активтер - дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өткізуде немесе өндірісте, әкімшілік мақсаттарға және өзге ұйымдарға жалға өткізуде ұзақ уақыт бойы пайдалануға (бір жылдан аса) арналған физикалық мәні жоқ, ақша емес активтер, оларды:

1) анықтауға болады;

2) ұйым * бақылайды; және

3) пайдаланудан ұйым келешекте пайда күтеді.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығымен .

4. Ақша активтері - бұл тіркелген немесе анықталатын ақша сомасы түрінде алуға арналған ақшалар мен активтер.

5. Амортизация - бұл материалдық емес активтердің амортизацияланатын сомасын пайдалы қызмет мерзімі бойына жүйелі бөлу.

6. Амортизацияланатын сома - бұл активтің бастапқы құнынан оның жойылу құнын шегергенде .

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығымен .

7. Пайдалы қызмет мерзімі:

- 1) ұйымның активті пайдалануы мүмкін уақыт мерзімі; немесе
- 2) ұйым активті пайдаланудан өнім бірлігінің санын немесе соған ұқсас өлшем бірлігінің санын алуды жоспарлауы.

* Сілтеме алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығымен .

8. Бастапқы құны - бұл материалдық емес активтерді сатып алу және жасау кезінде төленген ақшалар сомасы немесе олардың эквиваленттері, немесе басқа да өтемдердің ағымдағы бағадағы құны.

9. Баланстық құн - бұл қаржы есебінде көрсетілетін бастапқы құн мен жинақталған амортизация арасындағы айырма ретінде анықталатын материалдық емес актив сомасы.

10. Жою құны - бұл өткізу жөніндегі болжамды шығындарды шығарып тастағаннан кейінгі оның пайдалы қызметінің соңында ұйымның материалдық емес активтер үшін алуы мүмкін сомасы.

11. Өткізу құны - бұл құн, хабардар және жүргізуге дайын тәуелсіз жақтар арасында материалдық емес активтерді ауыстыру мүмкіндігінің болуы.

12. Егер келесі шарттар болған жағдайда ғана рынок белсенді деп есептеледі:

- 1) рынокта сатылатын тауарлар біртекті;
- 2) міндетті түрде, кез келген уақытта мәмілеге шығуға ынталы сатушылар мен сатып алушыларды табуға болады;
- 3) сатылатын мұндай тауарлардың бағасы халыққа өтімді /жарияланып отыр/.

3 Тарау. Материалдық емес активтерді тану және бастапқы талдау

13. Материалдық емес бап материалдық емес актив ретінде танылады, егер ол:

- 1) материалдық емес актив анықтамасына сәйкес келсе (2-ші тараудың 3-ші тармақшасына қара); және
- 2) материалдық емес активтерді тану талаптарына жауап берсе (3-ші тараудың 14-ші тармақшасына қара).

14. Материалдық емес актив актив ретінде танылады /есепте тіркеледі/, егер:

- 1) тікелей осы активпен байланысты ұйымның келешекте экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса; және
- 2) активтің құнын сенімді түрде анықтау мүмкіндігі болса.

15. Материалдық емес актив тану сәтінде бастапқы құны бойынша бағаланады.

Келешектегі мүмкін экономикалық пайда

16. Тікелей осы материалдық емес активпен байланысты экономикалық пайда

мынадай жағдайда алынады, егер:

1) келешек экономикалық пайданы ұлғайтуда материалдық емес активтің ролі анықталған болса;

2) осы активті пайдалануға ұйымның қабілеті мен ниеті бар болса;

3) ұйымның келешекте күтілетін экономикалық пайда алуына, тиісті техникалық, қаржы және өзге ресурстары бар болса.

17. Ұйым келешек экономикалық пайданы алу ықтималдығын негізделген және расталған басшылықтың мүмкін болатын жақындатылған бағасын білдіретін болжамдарды пайдалана отырып активтің пайдалы қызметі бойынша болатын экономикалық жағдайларының жөнін бағалайды. Объективті тексерілуі мүмкін болса дәлелдемелерге ерекше мән беріледі.

4 Тарау. Бастапқы құнды нақты өлшеу

18. Материалдық емес активтердің бастапқы құнын өлшеу материалдық емес активтердің басқа жақтан алынуына немесе ұйымның өзі жасап шығаруына байланысты.

А л у

19. Материалдық емес активтер сатып алу, ұйымдардың бірігуі (қосылуы), мемлекеттік субсидия есебіне, ауыстыру нәтижесінде алынады.

Ескерту: 19-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығымен .

С а т ы п а л у

20. Ақшаға немесе оның баламасына сатып алынған материалдық емес активтің бастапқы құны ретінде, ұйымның оны сатып алуға жұмсаған нақты шығын сомасы танылады, бұған төленген орнына салынбайтын салықтар және жиындар және активті өз мақсатына пайдалану жағдайына келтіруге тікелей байланысты басқа да шығындар кіреді.

Ұйымдарды біріктіру нәтижесінде алу

21. Ұйымдардың бірігуінің (қосылуының) құрамдас бөлігі ретінде алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны өткізу құны бойынша танылады. Егер ұйымдардың бірігуінің (қосылуының) құрамдас бөлігі ретінде алынған материалдық емес активтердің өткізу құнын сенімді анықтау мүмкін болмаса актив жеке материалдық емес актив болып танылмайды, бірақ гудвиллге енгізіледі .

Ұйымның қаржы есептемесінде материалдық емес актив болып танылмаса да сатып алушы, егер ол материалдық емес активтерді тану анықтамасы мен талаптарына жауап берсе материалдық емес актив ретінде таниды.

Ескерту: 21-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығымен .

Ұйымның өз ішінде құрылған гудвилл

22. Ұйымның өз ішінде құрылған гудвилл актив ретінде танылмауы тиіс.

Мемлекеттік субсидия есебіне алу

23. Мемлекеттен тегін, номиналдық сомаға немесе мемлекеттік субсидия есебіне алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны өткізу құны бойынша танылады, егер ол материалдық емес активтердің осы түрі үшін белсенді рынок есебімен сенімді болып анықталса. Материалдық емес активтердің осы түрі үшін белсенді рынок болмаған жағдайда олардың бастапқы құны нольдік немесе номиналдық құнда болмаса немесе активті мақсатына пайдалануға әзірлік жағдайына келтіруге байланысты нақты шығын сомасы бойынша танылады.

А у ы с т ы р у

24. Ұқсас емес материалдық емес активке ауыстыру нәтижесінде алынған материалдық емес активтің бастапқы құны алынған немесе төленген ақша сомасына түзетілген активті ауыстырудан алынған өткізу құны бойынша танылады. Ұқсас активке ауыстыру нәтижесінде немесе ұқсас активтің құрамдас бөлігіне қатысты алынған материалдық емес активтің бастапқы құны ауыстырылған активінің баланстық құны бойынша танылады. Мұндай ауыстыру табыс әкелмейтін мәміле деп есептеледі.

Ж а с а у

25. Ұйымның өзі жасаған материалдық емес активтің бастапқы құны, материалдық емес активтерді анықтау және тану талаптары материалдық емес баптың сәйкес келу сәтінен бастап кеткен тікелей нақты шығындар және үстеме шығындар саналы негізде таратылуы мүмкін болса активті жасау, өз мақсатына пайдалану және даярлау сомасы бойынша танылады. Материалдық емес активтердің анықтау және тану талаптарына сәйкес келу сәтіне дейін болған материалдық емес баптарды жасауға кеткен шығындар активтің бастапқы құнына енгізілмейді және олар пайда болған кезеңнің шығыны ретінде танылады.

5 Тарау. Шығындарды тану

26. Ұйымдарды біріктіру оқиғаларынан басқа, ақшалай емес материалды емес баптар бойынша жасалған шығындар есеп беру мерзімде шыққанда шығын болып табылады, егер олар:

1) есебі бухгалтерлік есептің басқа стандарттарына жасалатын материалдық емес баптарға жатпаса (2-ші параграфқа қара); немесе

2) материалдық емес активтерді тану анықтамасы мен талаптарына жауап беретін материалдық емес актив құнының бөлігін құрамаса өздері орын алған есепті кезеңдегі шығын ретінде танылады.

27. Материалдық емес баптарды алған немесе жасаған кездегі алғашында шығын ретінде танылған шығыстар одан кейінгі кештеу уақытта материалдық емес актив құнының бөлігі ретінде танылуға тиіс емес.

6 Тарау. Кейінгі шығындар

28. Материалды емес активтермен байланысты алдағы кезеңдегі шығындар, сол есеп беру мерзімінде шыққанда шығын болып табылуы керек, тек егер:

- 1) бұл шығындар келешек активке тікелей жататын экономикалық пайдаларының өсуіне әсер ететін дәлел жоқ болса; және
- 2) бұл шығындар өлшеуге келмесе және үлкен сенімділікпен осы активке ж а т қ ы з ы л а а л а т ы н б о л м а с а .

Осы шарттарды сақтағанда материалдық емес активтерге байланысты кейінгі шығындар олардың баланстық құнына қосылады.

7 Тарау. Бастапқы танудан кейін келетін баға

29. Материалдық емес актив бастапқы танудан кейін актив ретінде бастапқы құны бойынша жинақталған амортизацияны алып тастай отырып көрсетіледі.

8 Тарау. Амортизация

А м о р т и з а ц и я м е р з і м і

30. Материалдық емес активтің амортизацияланатын сомасы оның пайдалы қызметі мерзімін барынша жақындата бағалау негізінде, жүйелі бөлінеді. Материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімі оның пайдалануға әзірлік сәтінен бастап ұйымның қызмет мерзімінен жоғары болмауы тиіс, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңдарында немесе шартта қарастырылмаған болса.

А м о р т и з а ц и я н ы е с е п т е у ә д і с і

31. Материалдық емес активтің амортизациясын есептеуді қолданып жүрген әдісі активті пайдаланудан экономикалық пайда алудың тұтыну үлгісін көрсетуі керек. Егер активті пайдаланудан экономикалық пайда алудың тұтыну үлгілерін сенімді анықтау мүмкін болмаса, онда біркелкі /тура/ есептен шығару әдісін қолдану керек. Амортизация материалдық емес активтің өз мақсатына пайдалануға дайын болғанда есептеледі. Егер амортизацияланатын сома өзге активтің баланстық құнына енгізілмесе шығын ретінде танылады.

Ж о ю қ ұ н ы

32. Материалдық емес активтің жою құны нольге тең болады, егер:

- 1) пайдалы қызмет мерзімі соңында оны сатып алу жөнінде үшінші жақпен к е л і с і м б о л м а с а ; н е м е с е

2) осы материалдық емес актив үшін белсенді рынок жоқ болып, осыған орай:

сол рынокқа сүйене отырып активтің жою құнын сенімді анықтау мүмкін

е м е с ;

ж ә н е

активтің пайдалы қызмет мерзімі соңында ондай рыноктың пайда болуықтималдығы жоқ.

Пайдалы қызмет мерзімін және амортизацияны есептеу әдісін қайта қарау

33. Пайдалы қызмет мерзімі мен актив амортизациясын есептеуде қолданылатын әдіс қаржы есептемесін жасаудың әрбір уақытында қайта қаралып отырады. Егер активтің пайдалы қызметінің күтілген пайдалы мерзімі алдыңғы бағадан едәуір өзгешеленсе, амортизацияны есептеу мерзімі де тиісінше өзгертілуі керек. Егер активтерді пайдаланудан экономикалық пайданы тұтынудың күтілген үлгісінде едәуір өзгеріс болса осы өзгерісті көрсету үшін амортизацияны есептеу әдісін де өзгерту керек. Материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімі немесе амортизациялық есептеу әдісін өзгерту ағымдағы және келешек кезеңдер үшін амортизациялық соманы түзету жолымен есепті бағалауды өзгерту ретінде есептеледі.

9 Тарау. Шығарып тастау және өткізу

34. Материалдық емес актив бухгалтерлік баланстан шығарылып тасталады шығу барысында немесе, егер оны пайдаланғаннан немесе келесі шығындардан ешқандай экономикалық пайда түсу күтілмейтін болса.

35. Материалдық емес активтің шығарылып тасталуынан алынатын кіріс немесе шығыс, ол шығарып тастау шығынын алғандағы баланстық құны мен өткізу құны арасындағы айырмасы ретінде анықталады, кірістер мен шығыстар туралы есепте кіріс немесе шығыс ретінде танылады.

Ескерту: 35-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығымен .

10 Тарау. Ашып көрсету

36. Қаржы есептемесінде материалдық емес активтерді есептеу үшін қабылданған есеп саясаты ашылу керек, сондай-ақ материалдық емес активтердің ә р б і р т ү р і б о й ы н ш а :

1) амортизацияны есептеудің қолданылып жүрген әдісі;
2) пайдалы қызмет мерзімі немесе амортизацияның қолданымдағы нормасы;
3) ұйымдағы барлық материалдық емес активтердің жалпы баланстық құны және есепті кезеңнің басы мен аяғындағы амортизацияның жинақталған сомасы;

4) ұйымдарды біріктіру нәтижесінде түскен материалдық емес активтердің есепті кезеңнің басы мен аяғындағы баланстық құнның өзгерістері;

5) өткізу, шығарып тастау және басқада қозғалыстарға байланысты материалдық емес активтердің есепті кезеңінің басы мен аяғындағы баланстық құ н н ы ң өз г е р і с т е р і ;

б) материалдық емес активтердің есепті кезең бойында жинақталған
амортизация сомасы;

7) ұйымның өзі жасаған материалдық емес активтердің баланстық құны.

37. Ұйымның есепті кезеңде елеулі материалдық нәтижесі болған немесе кейінгі кезеңдерде болатын материалдық емес активтер бағасының есепті өзгерістерінің сипаты мен қорытындыларын ашып көрсетеді. Мұндай көрсетулер пайдалы қызмет мерзімі бағасының немесе амортизацияны есептеу әдісінің өзгерісіне байланысты шығуы мүмкін.

38. Қаржы есептемесінде сондай-ақ мыналар ашып көрсетіледі:

1) түрі баланстық, құны, және баланстық құны ұйымның барлық активтерінің бес процентінен асатын материалдық емес активтердің амортизациясының қалған кезеңі;

2) иемдену құқына шектеулері бар материалдық емес активтер құнының жалпы баланстық сомасы, сондай-ақ міндеттемелер бойынша кепілдік ретінде берілген материалдық емес активтердің жалпы құны;

3) алынған материалдық емес активтер бойынша, міндеттемелер сомасы.

39. Қаржы есептемесі есепті кезеңде шығын деп танылған, және мына төмендегілерге тікелей жатқызылатын немесе саналы негізде енгізілетін шығындар сомасын ашып көрсетуі керек:

1) бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары;

2) жарнама және жарнама науқанына шығындар;

3) ұйымның құрылуы кезінде болған шығындар;

4) нәтижесінде келешекте экономикалық пайда күтілетін материалдық емес активтерді алуға, жинақтауға, күшейтуге немесе қолдауға байланысты кез келген елеулі шығындар сомалары.

Өзге мәліметтер

40. Ұйым қысқаша сипаттамасын көрсетеді:

1) қаржы есебін жасау күнгі материалдық емес активтерді тану талаптарын қанағаттандыратын, бірақ алдыңғы есепті кезеңнің шығыны деп танылған елеулі материалдық емес баптардың;

2) келешекте экономикалық пайда күтілетін материалдық емес активтерді құруға немесе күшейтуге бағытталған қызмет түрлерін: зерттеу, жарнама науқаны және қызметтің басқа түрлері.

Өтпелі ереже

41. Егер осы стандартты қабылдау есеп саясатында өзгерістер білдіретін болса ұйым осы стандартта алдыңғы есепті кезеңдер үшін айтылған материалдық емес активтерді тану жөніндегі талаптарды пайдалана алады, бірақ міндетті емес. Алдыңғы кезеңдер үшін материалдық емес активтерді тану талаптарын қолданғанда оларды ашып көрсету керек.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК